**"Қамқорлық" акциясының есебі**

10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында жыл сайын "Қамқорлық" республикалық акциясы басталады.

**Акцияның мақсаты:** аз қамтылған, көп балалы және тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға әлеуметтік көмек көрсету.

Акция барысында панасыз қалған, қараусыз қалған балаларды, аз қамтылған және тұрмысы төмен отбасыларының балаларын, сондай-ақ әлеуметтік себептермен мектепке бармайтын және материалдық көмек көрсетуге мұқтаж балаларды анықтау бойынша рейдтер өткізіледі.

Акция басталғаннан бері белгілі бір жұмыстар атқарылды: "Қамқорлық" акциясын өткізу үшін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді, ол мектеп сайтында жарияланды.

9 сыныптар арасында ерікті топ құрылып,тұрмыс жағдайы төмен,жалғыз басты 7 баланың анасы,аз қамтылған отбасыға қыстық киім кешек (күрте,қыстық аяқ киім,бас киім), азық-түлік салынған дорбасын алып,сынып жетекшілер және әлеуметтік педагогтармен барып,отбасыға көмек көрсетілді.

Ерікті топ балалардың шынайы көңіл-күйін алғысын алып,жақсылық жасауға ат салысып,белсенді болуға ұмтылды.






